

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**  
**Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АК**  
**мәжілісінің**  
**№ 3 хаттамасы**

Түркістан қаласы

18.03.2025 ж.

**Қатысқандар:** кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент м.а А.Жумадуллаева, академиялық комитет төрағасы, PhD доцент Қ.Базарбаев, академиялық кеңес мүшесі, PhD аға оқытушы М.Салғараев, оқу-әдістемелік кеңес төрайымы PhD аға оқытушы Р.Хазретәліқызы, АҒЗИ директоры К.Жетібаев, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, докторант З.Сенгирбаева, білімгер Ү.Абдуалиев, хатшы PhD А.Оспанова және кафедра ОПҚ.

**Күн тәртібі:**

1. Аккредитация есептерін даярлау, жаңартылған ББ-ны реестрге енгізу.
2. 6B01615 – Тарих, 6B02231-Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP), 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау.
3. Қаңтар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды.**

**АК төрағасы Қ.Базарбаев:** Күн тәртібімен таныстыра отырып, қаралатын мәселелерді атап өтті. 6B01615 – Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP) білім беру бағдарламасына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы 59 қосымшасы негізінде талдау жасалып, өзгерістер болған жағдайда ұсыныс жасау мәселесіне тоқталды. Сонымен бірге 6B01615 – Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP), 7M02210 – Тарих білім беру бағдарламаларының аккредитация есептерін дайындап, аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру туралы нақты тапсырмалардың орындалу барысына тоқталды.

2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау және қаңтар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау мәселесін атап өтті.

**АК мүшесі М.Салғараев:** Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 6B01615 – Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP) білім беру бағдарламаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы қосымшалары негізінде жасалған талдау нәтижесі жасалды. Талдау нәтижесі бойынша жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларына сәйкес жасалған кафедрадағы силлабустар мазмұны №399 бұйрыққа сәйкес екендігі аталып өтті. Атап айтқанда 6B01615 – Тарих білім беру бағдарламасы мектепте оқытылатын «Қазақстан тарихы» мен «Дүниежүзі тарихы» пәндерінің мазмұнын терең меңгеруге бағытталған. Студенттер мектеп бағдарламасындағы тақырыптарды жан-жақты зерттеп, оларды оқыту әдістемелерін үйренеді. Бұл олардың мектепте сапалы білім беруіне мүмкіндік береді. 6B01625 – Тарих және қоғамтану білім беру бағдарламасы бойынша мектептегі «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Қоғамдық білім негіздері» (қоғамтану) пәндерімен тығыз байланысты. Студенттер осы пәндердің мазмұнын, құрылымын және оқыту әдістерін меңгеріп, мектеп бағдарламасына сәйкес білім береді.

**М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Мендібаева:** ЖОО-дағы 6B01615 және 6B01625 білім беру бағдарламалары мектептегі тарих және қоғамтану пәндерімен тікелей байланысты. Бұл бағдарламалар болашақ мұғалімдерді мектеп бағдарламасындағы пәндерді тиімді оқытуға қажетті білім мен дағдылармен қамтамасыз етеді.

**АК мүшесі М.Салғараев:** 6B01615 - Тарих, 6B02231-Тарих БББ бойынша өзіндік бағалау нәтижелері төмендегідей болды:

*-соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері - 2022- Атамекен-29/21; НААР-5/10; 2023 – Атамекен 26/10, НААР – 2/8, 2024- Атамекен 9/22*

**ОӘК төрайымы Р.Хазретәліқызы:** Келесі мәселе бойынша сөз алып, аккредитация есептерін дайындау үшін қаңтар айынан бастап арнайы топ құрылып, жұмыс жасап жатқандығы, 6B01615 – Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP), 7M02210 – Тарих білім беру бағдарламаларының аккредитация есептерінің бүгінгі таңда толық дайындалып, реестрге тіркеу жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын сөз еті. Сондай ақ, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында бірнеше маңызды ұсыныстар айтты.

**АҒЗИ директоры К.Жетібаев:** Кафедраға қарасты 6B01615 – Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP), 7M02210 – Тарих білім беру бағдарламаларының аккредитация есептерін дайындығы мен аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастырудың тиімді бағыттарын

атап, бұл процессте жұмыс берушілердің де ұсыныстарының ескерілгендігін атап өтті.

**АК мүшесі М.Салғараев:** Қаңтар, ақпан және наурыз айларында атқарылған іс-шаралар бойынша жалпы нәтижелер қанағаттанарлық деңгейде. Әрбір іс-шараның өткізілу сапасы мен орындалуы бойынша талдау жүргізілді. Барлық жоспарланған іс-шаралар уақытында және белгіленген мақсаттарға сәйкес өтті. Қаңтар, ақпан айында басталған жұмыстардың нәтижелері бойынша тиімділік байқалды, ал наурыз айына жоспарланған іс-шаралар сапалы түрде өткізілді, нәтижесінде АК мүшелерінің оң пікірлері алынды. Бұл іс-шаралар жоспарланған мақсаттарға жетіп, өзектілігін көрсетті.

### **Шешім:**

1. Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 6B01615 – Тарих, 6B01625 - Тарих және қоғамтану (IP) білім беру бағдарламаларына сәйкес талдау нәтижелері негізінде силлабустар мазмұны өзгеріссіз қалдырылсын.
2. Аккредитация есептерін реестрге тіркеуге ұсынылсын.
3. Қаңтар, ақпан және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын.

**АК төрағасы:**



**Қ. Базарбаев**

**Хатшы:**



**А. Оспанова**